

Химия пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін химиядан білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес химия бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Заттардың бөлшектері	01	Атом құрамы және құрылысы. Химиялық байланыс және зат құрылысы
		02	Химиялық элементтердің периодтық заңы және периодтық жүйесі
02	Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары	03	Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электролиз
		04	Кинетика. Химиялық тепе-теңдік
03	Химиялық реакциялардың энергетикасы	05	Қышқылдар мен негіздер теориялары. Электролиттер ерітінділеріндегі иондық тепе-теңдіктер. Тұздар гидролизі
04	Химия және өмір	06	Металдар және бейметалдардың жалпы сипаттамасы. Металдар өндірісі
		07	1 (I), 2 (II), 3 (III) топ элементтері және оның қосылыстары
		08	14 (IV) топ элементтері және оның қосылыстары
		09	15 (V) топ элементтері және оның қосылыстары. Күкірт қышқылын жанасу әдісімен алу
		10	16 (VI) топ элементтері және оның қосылыстары
		11	17 (VII) топ элементтері және оның қосылыстары
		12	Ауыспалы элементтер және оның қосылыстары. Кешенді қосылыстар
05	Химия және қоршаған орта	13	Көмірсутектер.
		14	Оттекті органикалық қосылыстар.
		15	Көмірсулар
		16	Азотты органикалық қосылыстар
		17	Синтетикалық полимерлер. Жаңа заттарды және материалдарды өндіру. Мұнай
06	Есептер	18	Әрекеттесуші массалар заңына, параллель жүретін реакциялар теңдеулері, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы өнімнің шығымын есептеуге, кинетикаға, олеумге, қоспаларға, электролизге есептер шығару
		19	Жану өнімдері бойынша заттардың молекулалық формуларын анықтау, параллель жүретін реакциялар теңдеулері, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы өнімнің шығымын есептеуге, кинетикаға, қоспаларға есептер шығару
07	Контекст негізіндегі тест тапсырмалары	20	Контекст негізіндегі тест тапсырмалары

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс

пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест химия пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;

- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;

- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;

- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Тест тапсырмалары түсушілердің химия пәні бойынша білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».